

**Қазақстан Республикасының сейсмикалық қауіпті аймақтарындағы ғимараттар мен құрылыстардың сейсмикаға төзімділігін арттыру жөніндегі кезек күттірмейтін шаралар туралы**

*Қушiн жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 28 ақпан N 308. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 5 тамыздағы N 818 Қаулысымен

Қазақстан Республикасының сейсмикалық қауіпті аймақтарындағы ғимараттар мен құрылыстардың сейсмикаға төзімділігін арттыру жөніндегі кезек күттірмейтін іс-шараларды жүргізу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының сейсмикалық қауіпті аймақтарындағы ғимараттар мен құрылыстардың сейсмикаға төзімділігін арттыру жөніндегі кезек күттірмейтін шараларды іске асыру жөніндегі ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі - Ведомствоаралық комиссия) құрылсын.

2. Қосымшаға сәйкес Ведомствоаралық комиссияның құрамы бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Құрылыс істері жөніндегі комитеті Ведомствоаралық комиссияның жұмыс органы болып белгіленсін.

4. Алматы, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстарының және Алматы қаласының әкімдері мүдделі министрліктермен және ведомстволармен, меншіктің барлық нысандарындағы ұйымдармен бірлесіп, бір айлық мерзім ішінде жер сілкінісі болатын аудандардағы сейсмикалық тәуекел мен залалды төмендету мәселелері жөнінде 1999 жылғы 30 қыркүйекте және 1 қазанда Алматы қаласында өткен республикалық кеңес ұсынымдарының негізінде шығыстардың көлемі мен қаржыландыру көздерін айқындай отырып, ғимараттар мен құрылыстардың сейсмикаға төзімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралардың мақсатты аймақтық жоспарларын әзірлесін және Ведомствоаралық комиссияға ұсынсын.

5. Ведомствоаралық комиссия мүдделі орталық және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, екі ай мерзімде Қазақстан Республикасының сейсмикалық қауіпті аймақтарындағы ғимараттар мен құрылыстардың сейсмикаға төзімділігін арттыру жөніндегі кезек күттірмейтін шараларды іске асыру жөніндегі 2000-2002 жылдарға арналған сейсмикалық іс-шаралардың жоспарын әзірлесін және Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне ұсынсын және оның атқарылуын

бақылауды қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі мүдделі орталық және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп екі апта мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметіне:

1) құрылыстың және құрылыс материалдары мен бұйымдарын, конструкцияларын өндірудің сапасын, әсіресе республиканың сейсмикалық қауіпті аймақтарында, ведомстводан тыс мемлекеттік бақылауды күшейту жөнiнде ;

2) құрылысты кешенді жобалау мен зерделеу, ғылыми-техникалық қамтамасыз ету жөнiндегі республикалық мемлекеттік ұйым құру жөнiнде ұсыныс табыс етсін.

7. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мүдделі орталық атқарушы органдармен бірлесіп, екі ай мерзімде заң актілеріне азаматтар мен заңды тұлғалардың жол берілген республиканың сейсмикалық қауіпті аймақтарында ғимараттар мен құрылыстарды салудың және пайдаланудың нормативтік талаптарын бұзудың нәтижесінде пайда болған салдар үшін жауапкершілігін арттыруға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнiнде ұсыныс дайындасын.

8. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігіне жүктелсін.

9. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2000 жылғы 28 ақпандағы

№ 308 қаулысына қосымша

**Қазақстан Республикасының сейсмикалық қауіпті аймақтарындағы ғимараттар мен құрылыстардың сейсмикаға төзімділігін арттыру жөнiндегі кезек күттірмейтін шараларды іске асыру жөнiндегі ведомствоаралық комиссияның құрамы**

Школьник Владимир - Қазақстан Республикасының Энергетика, Сергейевич индустрия және сауда министрі - комиссияның төрағасы

Шардарбеков Шәріпбек - Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Құрылыс істері жөнiндегі

комитетінің төрағасы,  
комиссия төрағасының орынбасары

Бергенов Әділғазы - Шығыс Қазақстан облысы әкімінің  
Садуақасұлы орынбасары

Долженков Виктор - Алматы облысы әкімінің бірінші  
Анатольевич орынбасары

Заяц Яков - Алматы қаласы әкімінің бірінші  
Игнатьевич орынбасары

Құртаев Әлімжан - Оңтүстік Қазақстан әкімінің бірінші  
Сейітжанұлы орынбасары

Бижанов Керімжан - Жамбыл облысы әкімінің орынбасары  
Сембайұлы

Әшімбаев Марат - "ҚазСТҚСҒЗИ" РМК-ны институтының  
Омарбайұлы директоры

Абақанов Миркен - Қазақстан Республикасының Энергетика,  
Сейтқасымұлы индустрия және сауда министрлігі  
Құрылыс істері жөніндегі комитетінің  
басқарма бастығы

Баймышев Қазбек - Қазақстан Республикасының Энергетика,  
Қайымұлы индустрия және сауда министрлігі  
Құрылыс істері жөніндегі комитетінің  
басқарма бастығы

Оспанов Асқар - Қазақстан Республикасы Ғылым және  
Берлібайұлы білім министрлігінің "Сейсмология"  
институты директорының орынбасары